

ПРОБЛЕМАЛЫҚ БЕРЕШЕКТИ РЕТТЕУ

«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ тікелей инвестициялардың кәптивтік қорлары төлемге қабілетсіз борышкерге қатысты қолданатын берешекті реттеу шарттары мен тәртібі және шаралар

Міндеттемелер бойынша мерзімі өткен берешек пайда болған жағдайда борышкер қорға/басқарушы компанияға баруға және (немесе) шартта көзделген тәсілмен шарт бойынша міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алу себептері, кірістер және оның шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін, оның ішінде мыналарға байланысты басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті ұсынуға құқылы:

- 1) міндеттемелерді өтеу кестесін және қаржыландырудың өзге де шарттарының өзгеруімен;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және шарттың талаптарына қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен.

Қордың/басқарушы компанияның шарт талаптарына өзгерістерді қарауы

Қор/басқарушы компания ішкі нормативтік құжаттарда және қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен және мерзімдерде шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарайды және жазбаша нысанда не шартта көзделген тәсілмен борышкерге мыналар туралы хабарлайды:

- 1) шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу;
- 2) шарттың талаптарын өзгерту жөніндегі өз ұсыныстары;
- 3) осындай бас тартудың себептерін көрсете отырып, шарт талаптарын өзгертуден бас тарту.

Борышкер талаптарды орындамаған жағдайда қор/басқарушы компания қабылдайтын шаралар

Борышкер міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына және шарттардың талаптарына сәйкес қор/басқарушы компания белгіленген тәртіппен:

- 1) қарыз/инвестиция, сыйақы/инвестициялық кіріс, айыппұлдар (тұрақсыздық айыбы) және шығындар сомасын қайтаруды талап ете отырып, шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы мәлімдеуге;
- 2) кепіл нысанынан, кепілдіктен өндіріп алуға құқылы.